

Кіріспе

Әлия – ерліктің мәңгілік символы.

Бұл анықтамалық альбом – халқымыздың батыр қызы, Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың ерлігі мен есімінің мәңгілікке айналған шежіресін жинақтаған тағылымды еңбек.

Жас та болса, Отан үшін от кешкен, ер жүрек мерген қыз – Әлияның ғұмыры қысқа болғанымен, оның рухы мен есімі ғасырлар бойы ұрпақ жадында жаңғыра береді. Осы альбомда оның бүгінгі таңда еліміздің түкпір-түкпірінде және шет елдерде бой көтерген музейлер, ескерткіштер, білім ордалары, мәдени нысандар, шығармалар мен көшелерге арқау болған Әлия есімі кең көлемде қамтылған.

Анықтамалық-альбом мазмұнында деректі мәліметтермен қатар, тарихи фотосуреттер, шығармашылық туындылар мен қоғам назарындағы маңызды бастамалар жинақталған. Бұл еңбек – батырдың рухына тағзым, оны өнеге тұтқан ұрпақтың ықыласының көрінісі.

Бүгінгі бейбіт өмірдің бағасын білетін жас ұрпақ ерлік, адалдық, отансүйгіштік ұғымдарын Әлия есімімен байланыстыра отырып, өз болашағына жігер мен намыс ала алады.

Осы басылым – тек тарихи естелік емес, рухани тәрбиенің де құнды құралы.

Кеңес Одағының Батыры Ә.Молдағұлованың облыстық мемориалды музейі



Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

Құрылған жылы: 1985 жыл

Қысқаша ақпарат: Қазақ Кеңестік социалистік республикасы Министрлер Кеңесінің 1980 жылғы 5 маусымдағы жарлығы негізінде құрылды. Музей 1985 жылдың 22 сәуірінде Ақтөбеде Ұлы Жеңістің 40 жылдығы және Батыр қыздың 60 жылдығы қарсаңында салтанатты түрде ашылды. Музей Ақтөбе қаласының Ә.Молдағұлова даңғылындағы 5 қабатты тұрғын үйінің 1 қабатында орналасқан. Жалпы көлемі 331,6 кв.м., 1 залдан тұрады.

Музейде ғылыми-ағартушылықты қамтамасыз ету бөлімі, қор жұмыстары қызметі, экскурсия жұмысы, экспозиция залдарын сақтау қызметі жұмыс атқарады.

Қазіргі таңда музей қорында 11 мыңнан астам экспонат тіркелген. Экспозиция жаңа экспонаттармен үнемі толығып отырады. Музейдегі ең құнды экспонаттарға Кеңес Одағының Батыры атағы берілгендігі туралы Грамотасы, әкесіне жолданған алғыс

хаты, Батыр қыздың майданнан жазған хаттарының көшірмелері, соғыс кезіндегі құжаттар мен заттар, жатады.

2024 жылы 100 жылдық мерейтой қарсаңында музейге жөндеу жүргізіліп, экспозиция жаңартылды. Музей залдарында Әлия Молдағұлованың балалық шағының, тума-туыстары мен оқыған жерлерінің, мергендік мектебі мен майдандағы өмірінің, музейдің тарихы мен тынысының, қонақтары мен қаһарман қызымыздың ерлігіне ән-жыр арнаған ақын-жазушылар мен сазгерлердің, суретшілер мен режиссерлардың туындыларының, есімімен аталатын мекемелерінің, қойылған ескерткіштерінің фотоларын, музей жанынан құрылған «Әлия гүлі» «Халықтық» қазақ би ансамблі мен «Әлия» іздестіру тобының музейге сыйға берілген жәдігерлерін көруге болады.

Сонымен бірге, ақтөбелік Кеңес Одағының Батырлары мен Үш дәрежелі Даңқ орденінің иегерлері, 312 атқыштар дивизиясы мен 101 атқыштар бригадасына арналған витриналар қойылып, соңғы замануи мультимедиялық технологиялар, жасанды интеллект пен голограммалар, виртуалды промоутер мен интерактивті сенсорлық киоскпен жасақталынған.

Кеңес Одағының Батыры Ә.Молдағұлованың облыстық мемориалды музейінің Бұлақ ауылындағы музей-үйі



Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Бұлақ ауылы

Құрылған жылы: 2021 жыл

Қысқаша ақпарат: Кеңес Одағының Батыры Ә.Молдағұлованың туған жері Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бұлақ ауылында 2021 жылы 11 қыркүйекте музейі ашылды. Музейдің салтанатты ашылуына Ақтөбе облысының әкімі Оразалин Оңдасын Сейілұлы, аудан әкімдігі, Ә.Молдағұлованың туыстары және ауыл тұрғындары т.б. өзге де қонақтар қатысты.

Музейдің аумағы 90 кв метр құрайды. Екі бөлмеден тұрады. Бірінші бөлмеде қаһарман, Батыр қыздың өмірбаяны, Әлиятанушы Ғ.Бәйдербестің еңбектері, ауылдас тума-туыстарының суреттері, екінші бөлме соғыс кезіндегі коворкингті бейнелейді. Айналасында Ә.Молдағұлованың бюсті қойылған гүлзар паркі бар.

Ақтөбе, Бұлақ, Талдысай және Жиренқопаны туристік тарихи орталыққа айналдыру мақсатында Ә.Молдағұлованың өмірі мен ерлігін таныту үшін музейі туған жері Бұлақ ауылында ашылды.

«Әлия» патриоттық тәрбие беру облыстық орталығы



Орналасқан жері: Ақтөбе қаласы, Қобда ауданы, Әлия ауылы

Құрылған жылы: 2005 жыл

Қысқаша ақпарат: Әлия Молдағұлованың өмірін, ерлігін үлгі ете отырып жастарға патриоттық тәрбие беру мақсатында батыр туған топырақта 2005 жылы Әлия Молдағұлованың 80 жылдық мерейтойы қарсаңында «Әлия» патриоттық тәрбие беру облыстық орталығы ашылды. Патриоттық орталықта қазақтың қайсар қызының өміріне, ерлігіне қатысты деректерге толы музей жұмыс жасайды. Екі қабатты орталық ғимаратында қонақтарға арналған қонақ үй номерлері, үлкен спорт зал, ойын бөлмелері, оқу залдары орналасқан.

Ә.Молдағұлова халықаралық әуежайы



Орналасқан жері: Ақтөбе қаласы, қала орталығынан оңтүстік-батыс бағытта

Құрылған жылы: 1933 жылы құрылған, 1975 жыл пайдалануға берген. 2021 жылғы 28 сәуірде Қазақстан Үкіметінің №276 қаулысымен әуежай Әлия Молдағұлова есімімен аталады.

Қысқаша ақпарат: 1996 жылы «Халықаралық әуежай Ақтөбе» ретінде акционерлік қоғамға айналды. Халықаралық әуежайдың ішіне батыр қыздың бюсті қойылды. Әлияның бюстін ақтөбелік танымал мүсінші Жеңіс Жұбанқосов жасаған. Тұғыр-150 см., бюст-115 см. Бюсттің жалпы биіктігі 265 см.

Әуежай Орталық, Оңтүстік Шығыс Азия және Еуропа арасындағы аса маңызды жолаушылар бағыттарының қиылысу нүктесінде орналасқан.

Бүгінде әуежай терминалының өткізу қабілеті сағатына 400 жолаушыға жетіп отыр. Мұнда кей кездері 3-4 рейс қатар орындалған уақытта 1,5 мыңнан астам жолаушыға қызмет көрсетіледі. 2024 жылдың қорытындысы бойынша Ақтөбе

халықаралық әуежайы 985 мың жолаушыға қызмет көрсеткен. Сондай-ақ әуежайдан 4520 рейс орындалып, 11 мың тонна жүк пен пошта тасымалданды. Бүгінде Ақтөбе әуежайына 11 бағытта жолаушылар рейстері орындалады, оның ішінде: 6 ішкі рейс және 5 халықаралық бағыттар бойынша.

Бүгінгі таңда ол заманауи диспетчерлік және электр-механикалық жабдықтармен жұмыс істейді, аса қуатты күзет жүйесі қызмет етеді, жолаушыларды қабылдауға арналған жаңа терминал мемлекет басшыларын да қарсы алуға арналған.

Ә.Молдағұлованың атындағы мешіт



Орналасқан жері: Ресей Федерациясы, Орынбор облысы, Тюльган ауданы, Тюльган ауылы

Құрылған жылы: 2024 жылғы, 26 шілдеде ашылған

Қысқаша ақпарат: Орынбор облысында Әлия Молдағұлованың құрметіне мешіт ашылды. Құрылыс жұмыстары халықтың ақшасына жүргізілді. Алғашқы тас 2011 жылы қаланып, 8 жылдан кейін мешіттің қабырғалары мен мұнарасы салынған, бірақ кейінірек ол сәйкес келмейтіні анықталып, ережелерге сәйкес бөлшектеліп, қайта салынды. Жаңа мешітті Бас мүфти шейх-ул-Ислам Талғат Тәжуддин және Орынбор облысының губернаторы Денис Паслер салтанатты түрде ашты.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ

№2 Әлия Молдағұлова атындағы орта мектебі



Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Әлия ауылы

Құрылған жылы: 1974 жыл

Қысқаша ақпарат: Ақтөбе облысы, Әлия ауылы Жастар көшесі №2 Әлия Молдағұлова атындағы орта мектебі орналасқан. Мектептің іргесі 1974 қаланды. Мектепте батыр қыз Әлияның музейі бар. Музей үш бағытта жұмыс жасап тұр. Әлия Молдағұлованың ерлік жолы, ауыл және мектеп тарихы қамтылған. Музей мектеп түлектері мен мұғалімдерінің күшімен жасақталды. Музейде 500-ге жуық жәдігерлер бар. Қолтаңбалар, сыйға тартылған кітаптар мен қолжазбалар, ескі көненің көзі, бабалар қолданған түрлі құралдар, фото деректер мен альбомдар. Іс-шаралар, Әлия оқулары, ерлік сағаттары тұрақты өткізіліп тұрады.

Әлия Молдағұлова атындағы орта мектеп



Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шығырлы елді мекені

Құрылған жылы: 1992 жыл

Қысқаша ақпарат: Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шығырлы елді мекеніндегі мектепке Әлия Молдағұлова атауы 1992-1993 оқу жылында берілді. Бұған дейін мектептің атауы - С. М. Киров атында болды. Мектепте Әлия Молдағұлованың ерлігі туралы оқушыларға түрлі шаралар өткізіліп отырады. Мектеп дәлізінің бір қабырғасына арнайы суреті де салынды.

Әлия Молдағұлова атындағы №29 жалпы білім беретін орта мектебі



Орналасқан жері: Шымкент қаласы,

Құрылған жылы: 1964 жыл

Қысқаша ақпарат: 1964 жылы 1 қыркүйекте №29 мектепке Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың есімі берілді.

Жалпы білім беретін мектеп 734 балаға арналған.

Қазіргі таңда 1407 бала білім алады.

Мектеп ауласына 1964 жылы Әлия Молдағұлованың ескерткіші қойылды.

1969 жылы мектепте ашылған «ЗБС» салтанатына Әлия Молдағұлованың майдандас досы Николай

Яковлевич Неруш келді. «Әлия» ескерткіші жанына соғыс ардагерлері өз қолдарымен роза гүлдерін егіп кетті.

Ә.Молдағұлова мектебінің әрбір шәкірті «Әлия» есімін мақтан тұтады. Мектебте үлкен көлемде өткізілген әрбір іс-шара алдында «Әлия» ескерткіші алдында тағзым жасалып, құрмет көрсетіліп барып, іс-шара өткізіледі.

2003 жылдан бастап «Әлия» өмірін зерттеуші Ғалымжан Байдербеспен бірге кездесулер өткізіліп отырды.

Ақтөбе қаласында өткен Әлияның 80 жылдық мерей тойына мектеп директоры Аккузова Г.К қатысты.

2015 жылы Әлияның 90 жылдығы және мектептің 50 жылдығы аталып өтті.

Оқушылар әр жылы Әлия Молдағұлова атындағы көше бойында орналасқан «Әлия» ескерткішіне барып, айналысын тазартып, гүл шоқтарын қойып, өлең жолдарын оқып, еске алу кештерін өткізеді.

Ә.Молдағұлова атындағы № 28 орта мектебі



Орналасқан жері: Тараз қаласы

Құрылған жылы: 1975 жылы

Қысқаша ақпарат: №28 орта мектеп 1975 жылы ашылған. Күміс қоңырау үнімен 1975 – 1976 оқу жылы мектеп ұжымы мектепке алғашқы шәкірттерін қабылдады. Қазыналы білім ордасына айналған №28 орта Жамбыл облыстық Еңбекші депутаттары атқару комитетінің 1980 жылғы 13 ақпандағы №67 шешімінің негізінде мектепке Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың есімі берілді. Мектепте 1994 - 1995 оқу жылы алғаш рет қазақ сыныптары ашылып, аралас мектеп статусы берілді.

Ә.Молдағұлова атындағы №38 мектеп – лицейі



Орналасқан жері: Батыс Қазақстан облысы

Құрылған жылы: 1996 жыл

Қысқаша ақпарат: XIX ғасырдың сәулет өнерінің ескерткіші болып табылатын Кеңес Одағының Батыры Ә.Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейі орналасқан ғимарат – 1881 жылы салынған Александр Ванюшин үйі болатын. Уақыт өте келе, 1996 жылдан бері бұл тарихи сәулет ескерткіш үйі жалпы білім беретін орта мектеп шәкірттерінің алтын ұя бесігіне айналды. Алғашында «Ә.Молдағұлова атындағы №38 жалпы орта білім беретін мектеп» аталынған оқу орны 2010 жылы «Ә.Н.Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейі» болып өзгертілді.

2019 жылы мектептің жаңа ғимаратының құрылысы басталып, 2020 аяқталған болатын. Бірнеше онжылдық ішінде Әлия мектебі мыңдаған шәкірт шығарумен қоса сан-түрлі жоғары жетістіктерге жеткен болатын. 38

мектеп-лицейі Әлия Молдағұлованың атын иелене қоймай, әр оқушыға Әлия Молдағұлованың отансүйгіштік, батылдық қасиетін дәріптейді. Бірінші қабаттағы Әлия бұрышы оның нақ дәлелі. Бұл аллея оқушыға үзіліс уақытында Әлия Молдағұлованың өмірі туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Арнайы Ә.Молдағұлова атындағы 38 мектебі үшін жазылған «Әлия мектебі» өлеңі әр мектеп шарасында қолданылып, мектеп оқушыларына Әлия Молдағұлованың ерлігін еске алып, үлгі алуға мүмкіндік береді.

Мектеп гимні

Сөзі: М.Балмолда

Әні: Д.Байтілеуов.

Талаптылар ар-намысты, өрт демі,
Қанаттыдай күнге ұмтылар көктегі.
Тәрбие мен білім алып самғайды,
Мектебімнің ақ көгершін, кептері.

Қ-сы

Жалғасады өмірдің жаз, көктемі
Қызғалдаққа толар қырдың бөктері.
Біз сенімен мақтанамыз әрқашан,
Алтын ұя, Әлияның мектебі.

Қ-сы

Жақсылықтан қалмай бәрі шеткері,
Биіктерден биіктерге беттеді.
Ұстазбенен ата-ананың үміті,
Мектебімнің алтын парақ беттері.

Ә.Молдағұлова атындағы №173 орта мектеп



Орналасқан жері: Қызылорда қаласы

Құрылған жылы: 1962 жыл, 1991 жылы Ә.Молдағұлова есімі берілген

Қысқаша ақпарат: Жарты ғасырдан астам тарихы бар оқу ордасына еліміз тәуелсіздік алған жылы халқымыздың батыр қызы Әлия Молдағұлованың есімі берілген. Содан бері білім бәсекесінде білікті ұстаздар мен білімді шәкірттерді тоғыстырып келеді.

Ә.Молдағұлова атындағы №173 орта мектеп ұжымы ғасыр көшіне ілесіп, білім саласындағы жаңа жүйеге сай қызмет етуді мақсат еткен. Мұнда 1500-ден аса оқушы білім нәрімен сусындайды. Олар заманауи үлгідегі технологияны пайдаланып, ғылыми ізденістер жасайды. Зерттеулер жүргізеді. Соған сәйкес физика, химия, еңбек технологиясы, мультимедиялық кабинеттер қажетті құрылғымен жабдықталған.

Сапалы білім беру, саналы ұрпақ тәрбиелеуде 161 педагог аянбай еңбек етіп келеді. Олардың қатарында түрлі деңгейде әдістемелік құралдардың, оқулық авторы, авторлық бағдарламалардың иелері бар. Қалалық, облыстық деңгейдегі үздік пән мұғалімдері де осы ұжымнан табылады.

Үш жыл бұрын білім ордасының ашылғанына 60, ал Ә.Молдағұлова есімі берілгеніне 30 жыл толған. Бұл мерейлі күнді мектеп ұжымы өз деңгейінде атап өтті. Осы мақсатта мектеп қабырғасынан қазақтың қаһарман қызы Ә.Молдағұлованың музейін ашқан. Сондай-ақ батыр қыздың Ақтөбе қаласындағы мемориалдық орталық музейімен екіжақты меморандумға отырып, мектеп музейін құнды мұралармен толықтыруда.

Оқу ордасы 1985 жылы осы күнгі көпқабатты ғимаратқа көшірілген.

**Әлия Молдағұлова атындағы олимпиадалық
резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-
интернат колледжі**



Орналасқан жері: Қарағанды қаласы

Құрылған жылы: 1971 жыл, 1988 жылы Ә.Молдағұлова есімі берілді.

Қысқаша ақпарат: Әлия Молдағұлова атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат колледжі 1971 жылдың қыркүйек айында КСРО Министрлер Кабинетінің 10.09.1970ж. №1898 бұйрығы негізінде құрылып, Қаз КСР Министірлер кабинетінің 08.01.1971ж. шешімімен спорттық бағыттағы №3 жалпы білім беретін мектеп-интернат болып негізі қаланды.

1988 жылы 22 тамыздағы Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің Жарлығымен спорттық бағыттағы №3 мектеп-интернатқа Кеңес Одағының Батыры Ә.Молдағұлованың есімі берілді.

1989 жылы Кеңес Одағының Батыры Ә.Молдағұлова атындағы олимпиадалық резервтің училищесі болып қайта ұйымдастырылды.

1990 жылы КСРО Министрлер Кабинетінің қатысуымен Дене шынықтыру және спорт жөніндегі Мемлекеттік Комитеттің шешімі және Қазақ КСР Дене шынықтыру және спорт комитетінің 15.01.1990ж. №72 бұйрығы негізіне сәйкес, мектеп-интернаттың филиалы Теміртау қаласында ашылды.

Мектеп интернатының директоры, әрі туысы, Ақтөбе облысы Қобда ауданының тумасы Өрбісінов Бакдәулет орталықты Комиссарова көшесіне көшіріп алып келіп, қабырғасының қалануынан бастап көп еңбек сіңірді. Мектеп-интернатына Кеңес Одағының Батыры Ә.Молдағұлованың есімінің берілуіне де бірден-бір себепкер болды.

2018 жылы Қарағанды облысы әкімдігінің 13.09.2018 ж. №49/10 Қаулысы негізінде «Әлия Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резерв мектеп-интернат колледжі» КММ болып қайта құрылды.

Олимпиадалық резервтің мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі – бұл «спорт түрі бойынша жаттықтырушы» мамандығы бойынша мамандарды даярлайтын орта-арнайы оқу орны.

Әлия Молдағұлова атындағы №1512 мектеп



Орналасқан жері: Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы
Құрылған жылы: 1971 жыл, алғаш 1998 жылы
Ә. Молдағұлованың есімі берілген.

Қысқаша ақпарат: 1971 жылы Мәскеу қаласының Петровский ауданында (қазір Вешняки ауданы) Әлия Молдағұлова көшесінде №891 жалпы орта білім беретін мектеп ашылды.

Мектеп мұғалімдері мен оқушылары көше атауына қызығушылық танытып, тарихи анықтамалықтарға жүгініп, 1942-1945 жылдар аралығында соғыс кезінде Жоғары комсомол мектебінің аумағында Әлия Молдағұлова оқыған орталық Әйелдер мергендік мектебі жұмыс істегенін анықтады.

Сол кезде мектеп аумағында Ұлы Отан соғысына арналған Әскери даңқ музейі болған. Ашылған фактілерге

байланысты Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұловаға арналған музей құру идеясы туды.

Әлия Молдағұловаға арналған музейді құруда журналист Сағын Тойтанбаевтың үлесі зор. Ол мектепте батырдың қаруластарының басын қосып, еске алу клубын құрды. Клуб құрамына Әлия оқыған мергендер мектебін бітірген 150-ге жуық әйел кірді.

Сонымен қатар, музей ісін меңгеруде Зайцева Наталья Михайловнаның да еңбегі зор. Оның және шәкірттерінің атқарған жұмыстарының арқасында Әлия Молдағұлованың майдандастарын іздеуге мүмкіндік туды. 54-ші жеке атқыштар бригадасының ардагерлерімен кездесулер ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасы Елшілігінің өкілдерімен, "Қазақ-тілі" және "Мұрагер" қоғамдық ұйымдарымен байланыс орнатылды.

Музей 1975 жылдың 1 қыркүйегі күні ресми құрылды. Музейдің дамуымен қатар Мәскеу қаласының Білім министрлігі мен Үкіметіне Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың есімін беру туралы хаттар жолданды.

1998 жылы №891 Жалпы орта білім беру мектебіне Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың есімі берілді.

Ұлы Жеңістің 60 жылдығы қарсаңында Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлова атындағы № 891 мектептің аумағында батырға бюст пен ескерткіш тақта орнатылды. Ескерткіштің ашылуына арналған салтанатты рәсімге Қазақстанның Ресейдегі елшісі Қырымбек Көшербаев, Мәскеу мэриясының және Ресей астанасының Шығыс округі префектурасының, Ресей СІМ өкілдері,

сондай-ақ ТМД елдерінің дипломатиялық миссияларының басшылары қатысты.

2013 жылы № 402 және № 891 мектептердің, сондай-ақ №761, №856, №880 мектепке дейінгі мекемелер біріктірілді. Нәтижесінде 2014 жылы 891 нөмірлі мектеп Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың жалпы нөмірі 402 болатын мектептер кешені құрылады.

2020 жыл өмір жолында бірнеше рет қайта ұйымдастырылған мектептер мен гимназиялардың тәуелсіз тарихына жол ашты. Оқу ғимараты өзінің жаңа сапасында Вешняки ауданында орналасқан № 1512 ГБОУ ЖОББМ кешеніне кіреді.

Жаңа бірігу кезінде 1512 мектеп құрамына мектепке дейінгі топтары бар 11 ғимарат және 6 мектеп ғимараты кіреді, ал мектеп атауында Әлия Молдағұлованың есімі жоғалады. Әлия Молдағұлова атындағы мектептің атауында батыр есімінің жоғалып кетуіне байланысты Вешняки ауданының тұрғындары қазақ диаспорасының өкілдерімен бірлесіп және Вешняки ауданының депутаттарының қолдауымен Мәскеу қаласының Үкіметіне батыр есімін мектепке қайтаруды сұрап хат жазады. 2022 жылы қалалық ведомствоаралық комиссияда Мәскеу қаласының мемлекеттік бюджеттік жалпы білім беру мекемесіне Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлова есімін № 1512 мектепке беру туралы шешім қабылданады.

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ Ә.МОЛДАҒҰЛОВАНЫҢ ЕРЛІГІНІҢ ҚҰРМЕТІНЕ ОРНАТЫЛҒАН ЕСКЕРТКІШТЕР Ә.Молдағұлованың ескерткіш-бюсті



Орналасқан жері: Ақтөбе қаласы

Құрылған жылы: 1960 жылы орнатылған

Мүсінші: Е.Н. Штамм. Сәулетші: Л.В. Рапутов.

Қысқаша сипаттама: Ақтөбе қаласы Ж.Шернияз көшесінде 1960 жылы қойылған. Ескерткіш төртбұрышты гранитті стилобад (3,3мх3,3м) түріндегі архитектуралық монумент. Ортасынан трапеция тәрізді биіктігі 2,6 м, ені 0,6 м төрт қырлы тұғыр көтеріледі. Тұғырда батыр қыздың биіктігі 1,3 м мүсіні орнатылған. Бюсттен батыр қыздың айбынды бейнесі айқын сезіледі: үстінде гимнастерка, басында әскери пилотка, омырауында –алтын жұлдызы жарқырайды. Ескерткіш республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген.

Ә. Молдағұлова мемориалды ескерткіш кешені



биіктігі 2,43 метр. Стилобадтың үстіне қоладан құйылған солдат дорбасы мен каскасы қойылған. Екі жағынан барельеф орнатылған (30,66 х 2,4 метр): сол жақ жартысында ұлы дала бейнесі, көшпенділер рухы бейнеленген, Құрманғазы мен Абылай хан көрсетілген; оң жағында 1916 жылғы отаршылдыққа қарсы көтерілістен бастап көптеген қайғы-қасірет әкелген Ұлы Отан соғысын, халқымызды жан-жаққа шашыратқан көріністер ашық бейнеленген.

Орналасқан жері: Ақтөбе қаласы

Орнатылған жылы: 2005 жыл

Мүсінші: Б.Ә. Әбішев. Барельеф авторы:

Е.А. Сергебаев, сәулетшілер В. Кацев пен Ж. Айнабеков.

Қысқаша сипаттама: Ақтөбе қаласы ағайынды Жұбановтар көшесі мен Ә.Молдағұлова даңғылының қиылысында мемориалдық кешен ерлікпен қаза тапқан батырдың 80 жылдық мерейтойына орай 2005 жылы тұрғызылды.

Ескерткіш ашық алаңда көлемі 830,0 шаршы метрді алып жатыр. Батыс жағында екі жартысфера тәрізді барельефте қазақ халқының тарихы бейнеленген. Барельефтің биіктігі - 2м, ұзындығы - 13,8 м. Қола мүсіннің биіктігі 3,5 метр, гранитпен қапталған тұғырдың

Ә.Молдағұлова бюсті



Мүсін ерік-жігердің символы ретінде оның кіші отанында орнатылды. Әлияның жанары алысқа, ұрыс даласына, көкжиектің арғы бетіне бағытталғандай. Оның көзінде қорқыныш жоқ, тек салқынқандылық пен мақсатқа деген берік сенім бар. Жоғарыға көтерілген қастары оның батыл шешімін көрсеткендей. Ернін тарс жауып, өзінің таңдауын жасаған жауынгердің құпиясын сақтап тұрғандай.

Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Бұлақ ауылы

Орнатылған жылы: 1974 жыл

Мүсінші: А.Черников.

Қысқаша сипаттама: Әлия Молдағұлованың гипстен жасалған мүсіні. Мүсін бас киімсіз, солдат гимнастеркасымен, кеудесіне дейін сомдалған. Тұғыры бетоннан жасалып, қара түсті кафельмен қапталған. Тұғыры екі қатарлы стилобадқа орнатылған. Стилобадтың бірінші қатарының ұзындығы мен ені - 2,3 метр, екінші қатарының ұзындығы мен ені - 1,8 метр. Стилобадтың биіктігі - 0,25 метр. Тұғырының ұзындығы мен ені - 1 метр, биіктігі - 1,5 метр. Ескерткіштің жалпы биіктігі - 2,65 метр.

Ә.Молдағұлованың стелласы



Орналасқан жері: Ақтөбе қаласы, Ә.Молдағұлова даңғылы, 32

Орнатылған жылы: 2010 жыл

Мүсінші: Ж.Кенбай, М.Габдрахманов, А.Құбай,
Қ.Қобланов, Ж.Есенғұлов. Кешеннің сәулетшісі:
Б.Егінбаев

Қысқаша сипаттамасы: Кеңес Одағының батырларына арнап тұрғызылған ескерткіш-кешен 2010 жылы 23 қыркүйекте Ұлы Жеңістің 65 жылдығына орай салтанатты түрде ашылды. Кешенге кіреберіс жерінде екі биік стелла орналасқан. Әрі қарай Ұлы Отан соғысы кезінде Кеңес Одағының Батыры атағын алған -37, Үш дәрежелі даңқ орденінің иегері - 9 ақтөбелік жауынгерге, қызыл граниттен қарама-қарсы стеллалар тұрғызылған. Әрбір стеллада жауынгерлердің қоладан әзірленген барельефті бейнесі мен есімі жазылған. Сонымен бірге 101-ші дербес атқыштар бригадасының жауынгерлеріне арналып қойылған белгі тас та осы кешенде орын тапты. жалпы аумағы 6 мың шаршы метрді құрайтын кешеннің 4 мың шаршы метр жеріне екпешөп төселген. Сондай-ақ, 300 шаршы метр жерге гүл егіліп, 3 мың шаршы метр тротуар тақталары төселді. Бұған қоса ол жерге 96 көше шамы орнатылған.

Әлия Молдағұлова ескерткіші



Андрей Михайлович Калантаевтың демеушілігімен мектептің ашылғанына үш жыл толуына орай Кеңес Одағының батыры "Алия Молдағұлова" есімімен аталған білім ордасына "Әлия Молдағұлова " ескерткішін 1967 жылы орнатып берген екен. Осы күнге дейін мектеп оқушылары "Алия Молдағұлова" ескерткішіне құрметпен гүл шоқтарын қойып, тағзым етеді.

Орналасқан жері: Шымкент қаласы, №29 Ә.Молдағұлова атындағы орта мектеп ауласы.

Құрылған жылы: 1967 жылы

Қысқаша сипаттамасы: Шымкент қаласында 1964 жылы ашылған А.Молдағұлова атындағы 29 жалпы орта білім беретін мектеп алаңында орнатылған "Алия Молдағұлова" ескерткішін 1964-1974 жыл аралығында мектеп директоры қызметін атқарған Полина Николаевна Калантаеваның жолдасы Ұлы Отан соғысының ардагері

Әлия Молдағұлова бюсті



Орналасқан жері: Шымкент қаласы,
Ә. Молдағұлова, 9

Құрылған жылы: 2001 жылы

Қысқаша сипаттамасы: Шымкент қаласының Әл-Фараби ауданына қарасты батыр есімімен аталатын көшеде орналасқан. Мүсін қоладан құйылған, биіктігі – 1,10 м., . Тұғыры гранит, биіктігі – 1,72 м., ақшыл түсті гранитпен қапталған.

Ә.Молдағұлованың ескерткіш-бюсті



Орналасқан жері: Қызылорда қаласы, «Қызылорада облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің» Әлия Молдағұлова атындағы №173 орта мектебі» КММ-дегі ауласындағы ескерткіш – бюсті.

Құрылған жылы: 1997 жылы

Мүсін жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген.

Ә.Молдағұлованың ескерткіш-бюсті



Орналасқан жері: Қызылорда қаласы, Әлия Молдағұлова көшесінің бойында «Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің» Нағима Ахмадеева атындағы №112 » КММ-нің ауласындағы ескерткіш – бюсті

Құрылған жылы: 1977 жылы

Қысқаша сипаттамасы: Биіктігі 120 сантиметрлік бюст мәрмәр тақталармен әрленген бетон тұғырда тұр. Ол Кисловодск қаласындағы көркемсурет студиясында құйылған және жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізіліп, мемлекет қорғауына алынған.

Ә.Молдағұлова бюсті



Орналасқан жері: Тараз қаласы

Құрылған жылы: 2017 жыл

Мүсінші: Темірхан Көлжігіт

Қысқаша сипаттама: Әлия Молдағұлованың ескерткіші 2017 жылы батыр оқыған №11 мектеп ауласына Тараз қаласының бұрынғы сәулетшісі Серік Әлімбаевтың бастамасымен орнатылды.

**Қазақтың қос батыр қызы
Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова
ескерткіші**



Орналасқан жері: Алматы қаласы, Төле би – Абылай хан – Бөгенбай батыр – Панфилов көшелері қиылысы.

Құрылған жылы: 1997 жылы 25 қазанда орнатылды.

Мүсінші: Қ.Сатыбалдин. Сәулетшілер: Т.Ералиев, В.Сидоров. Дизайнер: М.Еркенов.

Тарихи мәлімет: Шығыстың қос шынары, Кеңес Одағының Батырлары Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұловаға арналған ескерткіш Алматыдағы Астана алаңының алдында ашылды. Өмірде бір-бірінің бар екенін

білмеген Әлия мен Мәншүк – ерліктің қос қанаты секілді егіз ұғым.

Мәншүк Мәметова – Кеңес Одағының батыры атағына ие болған алғашқы қазақ қызы. 1943 жылы Невель қаласы (Псков облысы) үшін шайқаста Мәншүк қорғаныс шебінде жалғыз өзі пулеметтен оқ боратып, қаһармандықпен қаза тапты.

Қысқаша сипаттамасы: Бір-бірімен қатар жүріп бара жатқан әскери формадағы қыздардың мүсіндері мен ескерткіш тұғыры сұр және қара граниттен жасалған. Қыздардың әрқайсысының қолдары созылып, марштың ырғағына қайта тартылады, бұл алға қарай қадам басып, жүріп бара жатқандай әсер береді. Қыздардың мүсіндерінің артында монументалды обелиск түрінде композиция бар.

«Бейбітшілік» мүсіндік композициясымен көмкерілген обелиск. Бұл композиция көлемді глобус пен аспанға құстарды ұшырып тұрған балаларды бейнелеген. Кеңес Одағы Батырларының екі алтын жұлдызы және қыздардың бедерлі есімдері тұғырға сән береді.

**«Қазақтың батыр арулары», Әлия, Мәншүк пен
Хиуаз ескерткіші**



арналған ортақ монумент – Ұлы Отан соғысындағы ерлікті есте сақтау мен бейбіт өмір үшін құрбан болған батырлардың құрметіне арналған.

Орналасқан жері: Орал қаласы

Құрылған жылы: 2017 жылы

Мүсінші: Н.Далбай

Қысқаша сипаттамасы: Ескерткіштің биіктігі 3,6 метр.

Ұлы Жеңістің 70 жылдығы тойланғаннан кейін өңірдегі зиялы қауым өкілдері, ардагерлер осы үш батыр қызға ескерткіш орнату жөнінде ұсыныс жасаған еді. Мемлекеттік комиссия 2015 жылдың 18 наурызында он бір жобаның ішінен белгілі мүсінші Нұрлан Далбайдың жұмысын тандап алды. Астанадағы көркем-құйма комбинатында қоладан құйылған аталмыш ескерткіш бұрын Мәншүк Мәметова тұрған ескерткіш орнына қойылды. Бұл тұңғыш рет Қазақстанда үш батыр қызға

Ә.Молдағұлованың мемориалды ескерткіш кешені



Орналасқан жері: Астана қаласы, Ә.Молдағұлованың көшесі мен Жеңіс даңғылының қиылысында

Құрылған жылы: 2008 жыл, Астана қаласының 10 жылдығына орай құрылды.

Мүсіншілер: Бақытжан Әбішев және Ескен Сергебаев ұжымдық жұмысы негізінде жүзеге асты.

Қысқаша сипаттамасы: Астана қаласындағы мемориалдық кешен – Ақтөбе қаласындағы Әлия Молдағұлова ескерткішінің көшірмесі. Бұл кешен 2008

жылы Астананың 10 жылдығына орай Ақтөбе облысы атынан тарту ретінде орнатылған.

Мүсін биіктігі: 3,8 метр,

Барельеф: Қазақстан тарихының көріністерін бейнелейді - ежелгі заманнан бастап, Ұлы Отан соғысының көріністеріне дейін.

Субұрқақтар: Мемориалдың алдыңғы жағында 12 субұрқақ орналасқан.

Ескерткіштің түрі: сәулетті мәдени құндылықтардың бірі.

Ә.Молдағұлова ескерткіші



бейнесіне оның өмір бойы сақталған санаулы және ең жақсы фотосуреттерінің бірін алған.

Монумент Қазақстан тарапынан Петербургке сыйлық ретінде ұсынылған, бұл туралы постаменттің артқы бетінде де көрсетілген.

Орналасқан жері: РФ Санкт-Петербург,
Красногвардейский ауданында, Молдағұлова есімі
берілген көшеде, 5-үйдің батысы

Құрылған жылы: 2019 жыл

Мүсінші: Е.Рахмадиев

Қысқаша сипаттама: Биіктігі 3 метр қоладан жасалған мүсіндік композиция қызғылт гранит тұғырына орнатылды. Биіктігі 3 метр қоладан жасалған мүсіндік композиция қызғылт гранит тұғырға орнатылған.

Ескерткіш Санкт-Петербург қаласы Үкіметінің, Қазақстанның Ресейдегі Елшілігінің, Ақтөбе және Атырау облыстары әкімдіктерінің ортақ қолдауларының арқасында қойылды.

Шығармашылық жобаның авторы – белгілі қазақ мүсіншісі Едіге Рахмадиев. Оның айтуынша, Әлияның

**№1512 Ә.Молдағұлова атындағы мектептің
ауласында орналасқан**



Орналасқан жері: РФ Мәскеу қаласы, Вешняки ауданы
Құрылған жылы: 2005 жылы

Қысқаша сипаттама: Постамент және бюст қоладан жасалған. Ол Мәскеу, Восточный әкімшілік округ, Вешняки ауданы аумағында орналасқан.

Ә.Молдағұлованың бюсті



Орналасқан жері: РФ Псков облысы, Новосокольники ауданында Насва ауылында

Ә.Молдағұлованың бюсті



белгілі. Олар Әлия Молдағұлова, Володя Дубинин, Тимур Фрунзе, Гуля Королева, Иван Туркенич, Лиля Карастоянова, Әлихан Гагкаев, Витя Коробков және Радик Руднев. Олар «Артектің» нағыз қаһармандары.

Орналасқан жері: РФ Қырым, Артек халықаралық балалар лагерінде

Құрылған жылы: 2016 жылы,

Қысқаша сипаттама: Әлия Молдағұлова (1925 – 1944) 1940 жылы "Артекте" демалды.

«Артек» халықаралық балалар орталығындағы ең маңызды орындардың бірі - Артек батырлар аллеясы. 2016 жылдан бастап «Горный» лагерінің көркемсурет паркінде неміс-фашистік басқыншылармен ұрыста қаза тапқан «Артек» тәрбиеленушілерінің мүсіндері орнатылған.

Ұлы Отан соғысы өз Отаны үшін батыл шайқасқан көптеген артековшылардың өміріне әсер етті. Бүгінде Отаны үшін жанын құрбан еткен 20 артекшінің есімдері

Ә.Молдағұлованың ескерткіші



Орналасқан жері: РФ, Новосокольники, Псков облысы

Құрылған жылы: 1979 жыл

Мүсінші: Марат Әйнеков.

Қысқаша сипаттама: Толық мүсін композициясы, динамикалық тұрғыда, қолында қаруы бар, тұғырмен бірге.

Партизанская көшесі, №20, шағын саябағындағы, Малый Удрай өзенінің жағасында орналастырылған.

Кеңес Одағының Батыры Ә.Молдағұлова 1944 жылы Новосокольники жерінде шайқасап, сол жерде ерлікпен қаза табады. Ескерткіш Удрай өзенінің жанына әдемі саябақта қойылған. Батырымыз тізесімен фашисттерді жаншып тұрған символикалық бейнеде көрсетілген. Қазірде бұл ескерткіш жергілікті маңызы бар көрнекті орынға айналған, патриоттық іс-шаралар жиі өтетін орын.

Жинақты құрастырған: Кеңес Одағының Батыры Ә.Молдағұлованың облыстық мемориалды музейінің ғылыми қызметкері **Назерке Жолдиева**, бас қор сақтаушысы **Толқын Жанабергенова**

ӘЛИЯ ЕСІМІНЕ БЕРІЛГЕН ДАҢҒЫЛДАР МЕН КӨШЕЛЕР

РФ Москва Перов ауданы, Вешняки
Санкт-Петербург (Ленинград), (кіші Охта жанында
бұрынғы Гурдин көшесі)

Астана қаласы

Атырау қаласы

Абай облысы

Аягөз

Ақсуат ауданы, Ақсуат ауылы

Үржар ауылы,

Үржар ауданы, Көлденең ауылы

Ақтөбе облысы

Ақтөбе қаласы

Алға ауданы, Әйтеке би, Байғанин, Қарғалы, Қобда,
Мәртөк, Мұғалжар, Ойыл, Темір, Хромтау, Шалқар
аудандары

Алматы облысы,

Қаскелең,

Алматы қаласы

Талғар қаласы

Талғар, Тұздыбастау ауылы

Ұзынағаш ауданы

Жамбыл облысы

Тараз қаласы

Талас ауданы Байзақ ауданы, Қаратау қаласы,
Қордай ауылы, Ноғарбай селосы, Шу қаласы

Шымкент облысы

Шымкент қаласы

Шымкент қаласы, Әл-фараби ауданы

Қызылорда облысы

Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы

Қызылорда облысы, Тасбөгет ауылы

Байқоңыр қаласы

Шығыс Қазақстан облысы

Өскемен қаласы, Степное ауылы

Қарағанды облысы

Қарағанды қаласы

Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Үштөбе ауылы

Қарағанды облысы, Әлихан Бөкейхан ауданы

Жезқазған қаласы, Абай қаласы

Маңғыстау облысы

Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы

Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы

Батыс Қазақстан облысы

Орал қаласы

Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы

Жезқазған қаласы

Түркістан облысы, Сауран ауданы

Жетісу облысы, Талдықорған, Ынтымақ ауылы
Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Достық ауылы
Шығыс Қазақстан облысы Глубоковский ауданы,
Степное ауылы
Солтүстік Қазақстан Павлодар облысы, Атамекен ауылы
Солтүстік Қазақстан Павлодар облысы Екібастұз
Солтүстік Қазақстан Павлодар облысы, Заря ауылы
Солтүстік Қазақстан Астана қаласы

Ә.Молдағұлова атындағы теплоход: Ресейдің Рыбинск
кеме жасау зауытында шығарылған(1979 ж.) Кеме
Әзірбайжан Республикасының Баку парокходствосының
иелігінде болған. Кеңес Одағы Теңіз флоты министрінің
бұйрығымен 1978 ж. осы кемеге қазақ халқының қаһарман
қызы, Кеңес Одағының Батыры Ә.Молдағұлованың есімі
берілген. Кеме халық шаруашылығының жүгін тасуға
арналған.

ӘЛИЯҒА АРНАЛҒАН ШЫҒАРМАЛАР ДЕРЕКТІ ШЫҒАРМАЛАР

1. Жұмақанов Жекен. «Әлия Молдағұлова» Алматы, «Жазушы», 1965
2. «Қаһарман қыздар». Алматы, 1965 «..сражалась за Родину» Москва, 1964
3. «Помни их имена». Москва, 1960
4. «Есімізде қанды майдан жорықтар», Алматы, «Қазақстан», 1968
5. «Совет Одағының қазақстандық батырлары», Алматы, 1969
6. Семен Синицкий «Белые ночи» «Лениздат», 1971
7. «Героини», Москва, «Политиздат» 1972
8. «Қаһарман» Алматы, «Жазушы», 1975
9. Никифорова Екатерина. «Снайперы» Москва, Молодая гвардия», 1976
10. «Арулар отты жылдарда» Алматы. «Қазақстан». 1975
11. Асқаров Сейілхан. «Әлия». Алматы, «Жалын», 1985
12. Никифорова Екатерина. «Рожденная войной». Москва, «Молодая гвардия», 1985
13. «Өшпес даңқ» Алматы, «Жазушы», 1985
14. «Әлия жүрегі» (құрастырған Зияш Төлеуова). Ақтөбе, 1992
15. «Алия наша гордость». Алматы, 1994 Ұзақбай Қауыс, Ғалымжан Байдербес.
16. «Әлия ғасыр аруы». Алматы, 2000 Ұзақбай Қауыс, Ғалымжан Байдербес.
17. «Аңызға айналған арулар», Ақтөбе, 2001 Ұзақбай Қауыс, Ғалымжан Байдербес.
18. «Девушки, ставшие легендой», Ақтөбе, 2003

ПОЭМАЛАР

1. Хелемский Яков. «Әлия жүрегі»
2. Сатыбалдин Қапан. «Әлия»
3. Жиенбаев Сағи. «Әлия».
4. Молдағалиев Тұманбай. «Әлия әпке»
5. Оңғарсынова Фариза. «Тірілер, тыңдаңыздар»
6. Ашықбаев Ертай. «Гүл ғұмыр»
7. Деркаченко Константин. Здравствуй, Алия!»
8. Трофимов Роман. «Алия»
9. «Алия-Маншук», Әлия туралы поэмалар мен өлеңдер (орыс тіліне аударған Амантай Өтегенов)
10. Аймаханова Гүлсамал. «Қызғалдақ ғұмыр Әлия

ПОВЕСТЕР

1. Жұмаханов Жекен. «Әлия Молдағұлова», «Әлия әні»,
2. Нұрмаханова Әзиза. «Шығыс шынары».
3. Оралбай Әмір. «Әлия»

ӨЛЕҢДЕР

1. Аманжолов Қасым «Әлия қыз»
2. Хакімжанова Мариям. «Батыр қыз»
3. Бердияров Тоқаш. «Әлия»
4. Мәуленов Сырбай. «Әлия мектебінде»
5. Молдағалиев Жұбан. «Әлия»
6. Бұғыбаева Қанипа. «Батыр қызға»
7. Серікбаев Байбота. «Роза Рымбаева» «Әлия»
8. Құрманалин Мұхтар. «Әлия ескерткіші жанында»
9. Жақсылық Айжанов. «Әлия даңғылымен қоштасу»
10. Жанна Елеусізова «Әлия туралы жыр»
11. Сағындық Ниянқұлов. «Әлия туралы жыр»
12. Жүсіп Қыдыров. Әлия. Роза Рымбаева

13. Марфуға Айтқожина «Өніп тұр бір қыз гүл таста тірі»
14. Дариға Мұштанова «Періште қанат»
15. Асқар Бейтелеуов «Қазақ қызы»
16. Зейнолла Көшкенов «Қор ару»
17. Өтеген Оралбаев «Халық гүлі- қас батыр»
18. Өкім Жайлауов «Әлия»
19. Гауһар Адамбаева «Әлия»
20. Зиядин Әбдуалиев «Әлия ескерткішіне»

ӘНДЕР

1. Бәкір Тәжібаев, Сейдолла Бәйтереков. «Әлия»
2. Сақтаған Жұмағұлов, Аманкелді Сәндібаев. «Әлия-ән»
3. Ертай Ашықбаев, Бақтығали Жұмалин. «Он тоғыз жас»
4. Амантай Өтегенов, Владимир Семченков. «Песни матери Хобды».
5. Қайырғали Қожанбаев. «Ару қыз, ержүрек қыз, Әлия қыз»,
6. Гүлсамал Аймаханова. «Сағыныш».
7. Исраил Сапарбаев. «Қазақ қызы»
8. Мылтықбай Ерiмбетов, Мұқанбек Бөрібаев. «Әлия-Мәншүк»

КҮЙ

1. Дүйсебай Шаштайұлы. «Әлия» күйі

ПЬЕСА

1. Өкім Тарази. «Колыбельная для Адама».

2. «Әлия» мюзиклы. Авторы Әлия Дәулетбаева, қоюшы режиссер Исләм Нұртазин, композитор Ақжол Өмірзақов, басты рольде Ажар Жәрденбекқызы.
3. «Әлия» спектаклі. Автор Қанат Жүнісов пен Игорь Сегедин, қоюшы -суретші Қанат Мақсұтов, балетмейстер Роза Белгібаева, басты рольді сомдаушы актриса Айжұлдыз Бағланова

КАРТИНАЛАР

1. Сағынтай Әлімбетов. «Әлия»
2. Марат Нартов. «Әлия» Гобелен
3. Владимир Ануфриев. «Шаг в бессмертие»
4. Александр Корват. «Аул Булак»
5. Әбілден Сапугов. «Мерген Әлия»
6. Сериялық суреттер. Әнуар Өтеген-Тана. «Әлия»
7. Таймас Телеуішев. «Соңғы көктем»
8. Вячеслав Щукин. «Әлия»

ФИЛЬМДЕР

1. «Мергендер». Көркем фильм. Режиссері Болат Шәмшиев. Әлия рөлін орындаған Айтұрған Темірова. «Қазақфильм»
2. «Алия» Деректі фильм. Режиссері Ю.Пискунов.
3. «Бросок в бессмертие». Деректі фильм. Авторы Л.Толочков. Ақтөбе

БАЛЕТ

1. «Әлия» Композитор Мансұр Сағатов. Балетмейстер Жанат Байдаралин. Абай атындағы қазақ академиялық опера және балет театры қойды. Басты партияны орындаушы – Зарема Қастеева.

КІТАПТАР

Той тартулары...

1. Кеңес Одағының Батыры Ә.Молдағұлованың 80 жылдық мерейтойына орай 2005 жылы жарыққа шыққан. (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде)
2. Альбом-кітап «ТІ Баспа Үйінде» басылды. Алматы. Таралымы 2000 дана. 184 бет.
3. Әлия. Алия. I, II том. «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинатында басылды. Алматы. Таралымы 2000 дана. I том – 304; II том – 304 бет.
4. Әлия. «Nobel» баспаханасында басылды. Ақтөбе. Таралымы 2000 дана. 24 бет.
5. Гүл-ғұмыр. «Ақжар-АБК» баспаханасында басылды. Ақтөбе. Таралымы 1000 дана. 108 бет.
6. Әлия Молдағұлова. Өшпес ерлік. «Алтын кітап» баспа үйінде басылып шығарылды. Амангелді Нұғманов, Абай Тасболатов. 1000 дана 256 бет

ӘЛИЯ ЕСІМІ БЕРІЛГЕН НЫСАНДАР МЕН ЕСКЕРТКІШТЕР ЖӘНЕ КӨШЕЛЕР ТІЗІМІ

№	Нысан атауы	Орналасқан жері
---	-------------	-----------------

ОҚУ ОРЫНДАРЫ		
1.	Ә.Молдағұлова атындағы орта мектеп	Жамбыл облысы, Шу ауданы
2.	Ә.Молдағұлованың атын.обл.мамандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжі	Қарағанды қаласы
3.	Жалпы білім беретін №22 Ә.Молдағұлованың атындағы орта мектеп	Атырау қаласы
4.	Ә.Молдағұлованың атындағы орта мектеп	Түркістан обл, Сауран ауданы, Ескі иқан ауылы, А.Сүлейменов көшесі
5.	Абай ауылындағы №13 Ә.Молдағұлованың жалпы білім беретін орта мектеп	Түркістан обл, Келес ауданы
6.	Ә.Молдағұлова атындағы №29 орта мектебі	Шымкент қаласы
7.	Ә.Молдағұлованың №21 жалпы орта мектебі	Оңтүстік-Қазақстан обл, Мақтарал ауданы, «Кетебай» ауылы
8.	Ә.Молдағұлованың атындағы жалпы орта мектеп	Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы
9.	Ә.Молдағұлова атындағы №28 орта мектебі	Тараз қаласы
10.	№173 орта мектеп	Қызылорда қаласы

11.	Ә.Молдағұлова атындағы №38 орта мектеп	Орал қаласы
ЕСКЕРТКІШТЕР		
1	Ә.Молдағұлованың мемориалды кешені	СҚО Астана қаласы
	Ә.Молдағұлованың ескерткіш аллеясы	ОҚО Шымкент қаласы
	«Үш батыр қыз ескерткіші»	БҚО Орал қаласы
	Тұғырлы бюст және мемориалдық тақта	ОҚО Мақтарал ауданы, Ә.Молдағұлова атындағы мектеп
	Бюст	Қызылорда қаласы
Барлығы: 6 ескерткіш, 1 мемориалдық тақта		
КӨШЕЛЕР		
	Батыс Қазақстан, Орал қаласы	
	Атырау облысы, Атырау қаласы	
	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы	
	Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы	
	Алматы облысы, Қаскелең,	
	Алматы облысы, Алматы қаласы	
	Алматы облысы Талғар,	
	Алматы облысы Талғар, Тұздыбастау ауылы	
	Алматы облысы Ұзынағаш ауданы	
	Алматы қаласы	
	Жамбыл облысы, Талас ауданы,	
	Жамбыл облысы, Байзақ ауданы	
	Шымкент қаласы	
	Шымкент қаласы, Әл-фараби ауданы	
	Абай облысы Аягөз	
	Абай облысы Ақсуат ауданы, Ақсуат ауылы	

	Абай облысы Үржар ауылы,		
	Абай облысы Үржар ауданы, Көлденең ауылы		
	Тараз қаласы		
	Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы		
	Қызылорда облысы, Тасбөгет ауылы		
	Өскемен қаласы		
	Қарағанды қаласы		
	Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Үштөбе ауылы		
	Қарағанды облысы, Әлихан Бөкейхан ауданы		
	Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы		
	Жезқазған қаласы		
	Түркістан облысы, Сауран ауданы		
	Жетісу облысы, Талдықорған, Ынтымақ ауылы		
	Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Достық ауылы		
	Шығыс Қазақстан облысы Глубоковский ауданы, Степное ауылы		
	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы		
	Солтүстік Қазақстан Павлодар облысы, Атамекен ауылы		
	Солтүстік Қазақстан Павлодар облысы Екібастұз		
	Солтүстік Қазақстан Павлодар облысы, Заря ауылы		
	Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы		
	Ақмола облысы ,Астана қаласы		
Барлығы 37 көше			
Ақтөбе облысы бойынша Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың есімі берілген нысандар			
№	Атауы	Мекенжайы	Жылы

	Кеңес Одағының Батыры Ә.Молдағұлованың облыстық мемориалды музейі	Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы	1985 жыл
	Кеңес Одағының Батыры Ә.Молдағұлованың Бұлақ ауылындағы бөлімі	Ақтөбе облысы,Ақтөбе қаласы, Қобда ауданы, Бұлақ ауылы	2022 жыл
	«Әлия» патриоттық тәрбие беру облыстық орталығы	Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Әлия ауылы	2006 жыл
	Ақтөбе халықаралық Әлия Молдағұлованың әуежайы	Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы	2021 жыл
Мектептер			
	Ә.Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін орта мектеп	Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Әлия ауылы	
	Ә.Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін орта мектеп	Ақтөбе облысы, Темір ауданы	
ЕСКЕРТКІШТЕР			
	Ә.Молдағұлованың мемориалды кешені	Ақтөбе қаласы Мүсінші Б.Әбішев Е.Сергебаев Сәулетші Б.Қацаев	

		Ж.Айнабеков 2005 жыл
	Әлия бюст 1960 ж. (мүсіншісі- Л.Рапутов, архитекторы- Е.Штамм)	Ақтөбе қаласы Ақтөбе қаласы, Ж.Шернияз көшесінде
	Әлия бюст	Ә.Молдағұлова халықаралық әуежайы
	Әлия бюст (мүсіншісі-О.Шанов)	ҚР Ақтөбе қаласы. КОБ Ә.Молдағұлованың облыстық мемориалды музейінде
	Әлия бюст	ҚР Ақтөбе қаласы, Бұлақ ауылы
	Әлияның ата-анасы тұрған үйдің орнына қойылған ескерткіш	Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Бұлақ ауылы
	Әлия ескерткіші 1995 ж. (мүсіншісі -Б.Әбішов)	ҚР Ақтөбе қаласы, Қобда
	Бюст	ҚР Ақтөбе қаласы, Әлия ауылы Әлия патриоттық орталығы
КӨШЕЛЕР		
	Ақтөбе облысы, Астана ауданы	1 даңғыл, 1-көше
	Ақтөбе облысы, Алматы ауданы	1-көше
	Алға ауданы	8

	Әйтеке би	6
	Байғанин ауданы	1
	Қарғалы ауданы	2
	Қобда ауданы Ә.Молдағұлова атындағы ауылдық округ	5 1
	Мәртөк ауданы	7
	Мұғалжар ауданы	5
	Ойыл ауданы	3
	Темір ауданы	5
	Хромтау ауданы	6
	Шалқар ауданы	2
Барлығы: 1 даңғыл, 53 көше, 1 ауылдық округ		

**РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНДА КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ
БАТЫРЫ Ә.МОЛДАҒҰЛОВАНЫҢ ЕСІМІ
БЕРІЛГЕН НЫСАНДАР**

ЕСКЕРТКІШТЕР		
№	Атауы	Орналасқан жері
	Ә.Молдағұлованың ескерткіші, 1979 жылы Мүсіншілері-Марат Сейдалин Марат Әйнеков	Ресей Федерациясы, Новосокольники
	Ә.Молдағұлованың бюсті, 1968 ж. мүсіншісі -Красутский	Ресей Федерациясы, Насва

	Ә.Молдағұлованың бюсті, 2005ж. мүсіншісі -Бақытжан Әбішев	Ресей Федерациясы, Мәскеу
	Ә.Молдағұлованың бюсті, 2021-2022 жыл мүсіншісі-Алексей Николаевич Буртасенков	Ресей Федерациясы, Артек
	Ә.Молдағұлованың ескерткіші, 2019 жыл	Ресей Федерациясы, Санкт-Петербург
	Ә.Молдағұлованың мемориалдық тақта	Ресей Федерациясы, Рыбинск қаласы, Әуе колледжі
	Ә.Молдағұлованың мемориалды тақта	Ресей Федерациясы, Ярославль облысы, Вятск селосы,
	Бауырластар зираты	РФ Псков обл., Монаково
	«Артек» лагері аумағында бюсті	Қырым, Гурзуф ауылы
Барлығы: 6 ескерткіш, 2 мемориалдық тақта, 1бейігі		
	№73 орта мектебінің музейі	Мәскеу, Перов ауданы
	№140 орта мектептегі музей	Санкт-Петербург
	Новосokolьники аудандық музейі	Псков облысы, Новосokolьники ауданы

	Насва орта мектебіндегі музейі	Псков облысы, Насва ауданы
	Вятск орта мектебіндегі музей	Ярославль облысы, Вятск ауылы
	№63 техникалық училищіндегі музейі	Новосибирск қаласы
	Ә.Молдағұлованың атындағы мешіт	Орынбор қаласы
	№ 1512 Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлова атындағы мектеп, негізгі және толық жалпы білім беру корпусы	Мәскеу қаласы
Барлығы:6 музей, 2 мешіт, 1 мектеп		
КӨШЕЛЕР		
	Санкт-Петербург (Ленинград) (кіші Охта жанында бұрынғы Гурдин көшесі) РФ Москва Перов ауданы, Вешняки	
	Ә.Молдағұлова атындағы даңғылы- РФ Москва Перов ауданы, Вешняки	
	Ә.Молдағұлова атындағы көшесі- РФ Санкт-Петербург	
	Ә.Молдағұлова атындағы көшесі- Псков облысы, Новосокольники ауданы Псков облысы, Новосокольники ауданы	
Барлығы: 1 даңғыл, 3 көше		